

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 234-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 140-ө
Өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 234-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 1, 3, 9, 10-жолдар алынып тасталсын;
реттік нөмірі 2-жолдың "Орындау мерзімі" деген 5-бағанындағы "наурыз" деген сөз
» "мамыр" деген сөзбен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 11-жолда:

"Орындауға жауапты мемлекеттік орган" деген 4-бағандағы "ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині" деген сөздер "Қаржымині (жинақтау), ЭБЖМ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Орындау мерзімі деген 5-бағандағы "мамыр" деген сөз "шілде" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 12-жолдың "Орындау мерзімі" деген 5-бағанындағы "наурыз" деген сөз "маусым" деген сөзбен ауыстырылсын.

Премьер-Министр